



БҰЙРЫҚ

30.05.2019 ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 293

город Астана

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының 2018 жылға жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының 2019 жылғы 11 наурыздағы есебіне, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 3 хаттамасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № КГИП-5-4412-КГИП-2349 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жылдық қаржылық есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамның президенті:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін және Қоғамның 2018 жылға жылдық аудиторлық есебін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.



4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Вице-министр



А. Сарбасов

Келісілген:

Қаржы департаменті директоры		А. Бөкенова
Заң қызметі департаменті директоры		Е. Амиргалиев

Орынд. Б.Сағынова

